

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер» кафедрасының
докторанты Маткерим Дана Адильханқызының 8D03102-Мәдениеттану
білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін «Қазақстандық кинодағы этникалық және мәдени бірегейлікті
құрастыру: мәдениеттанулық талдау» тақырыбына дайындаған
диссертациялық жұмысына Отандық ғылыми кеңесші, философия
ғылымдарының докторы, профессор Д. У. Кусайновтың**

ПІКІРІ

Әлемдегі болып жатқан жаһандану процесстері мәдениеттанулық зерттеу мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. Ұлттық сана мен ұлттық болмыстың қайнар бастауы болып есептелетін ұлттың атрибутивтік қасиетіне айналған қазақ мәдениетінің қыр-сырын ашып, оның ұлттық өнердегі көріністерін талдай отырып, ұлттық бірегейлікті айқара ашып көрсету – бұл зерттеу жұмысының өзектілігін көрсететіндігі дау туғызбайды. Қзіргі заманда жаңа Қазақстанның тұрақты дамуы жолында бірегейлік мәселесі ерекше орын алады. Өйткені бірегейлік мәселесі қазақстандықтар үшін өзінің маңыздылығын дәлелдей түсуде.

Зерттеу жұмысы өзінің ішкі мазмұнын ашуға бағытталған үш бөлім, тоғыз параграфтан тұрады. Бірінші бөлім Этникалық және мәдени бірегейлікті зерттеудегі философиялық және тұжырымдамалық тәсілдер деп аталып, онда мәдени бірегейлікті зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, сонымен бірге этникалық бірегейлік мәселесінің теориялы-тұжырымдамалық зерттеу негіздемесі және ұлттық бірегейлік мәселесін зерттеудің бірқатар теориялы-әдіснамалық аспектілері қарастырылған.

Ал екінші бөлім кинодағы этникалық және мәдени бірегейліктің бейнесі деген атаумен белгіленіп, онда этникалық және мәдени бірегейлік мәселелері дискурсы контекстіндегі өнер салаларының бірегейлік бейнесін құрудағы рөлі қарастырылған. Сонымен қатар транзиттік қоғамдардағы этникалық және мәдени бірегейлендіру факторы ретінде әлем кино өнері арқылы тарихи жадтың қайта жаңғыруы және кино қаһарманының бейнесі уақыттың белгісі ретінде: кинематография арқылы кеңестік бірегейліктен ұлттық бірегейлікке көшудің көріністері айқара ашылған.

Сол сияқты үшінші бөлім ұлттық тарих пен Қазақстандық кинографиядағы этникалық және мәдени бірегейліктің кино тіліндегі ізденістері деген атаумен белгіленіп, онда Қазақстандық киноның негізгі кезеңдері және оның этникалық пен мәдени бірегейлік бейнесін құрудағы рөлі көрсетіліп, қазақ киносы-ұлт айнасы ретінде: фильмдердегі этникалық және мәдени бірегейліктерді жасаудың негізгі әдістері белгіленген. Сондай-ақ осы бөлімнің соңында қазақ, түрік және корей, американдық, қырғыз фильмдеріндегі этникалық және мәдени бірегейліктің даму динамикасы: мәдени бірегейлікке компаративистік талдаулар жасалған.

Зерттеуде қазақстандық кинематографтың тарихи дамуына қатысты нақты мысалдар келтірілген. Қазақ киносының әр кезеңіне тән негізгі сипаттар, олардың ұлттық мәдениетке әсері жан-жақты қарастырылған. Кино тілі мен режиссерлік әдістердің өзгеруі арқылы ұлттық бірегейліктің қалыптасуы және трансформациясы кеңінен зерттелген. Сонымен қатар, қазақ киносының заманауи бағыттары, олардың жаһандық кинематографиямен ықпалдасу үдерісі де жан-жақты талданған.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы оның ұлттық және жаһандық контексте мәдени бірегейлікті талдаумен ғана шектелмей, қазақ, түрік, корей, американдық және қырғыз фильмдеріндегі мәдени бірегейліктің даму динамикасын салыстырмалы тұрғыдан қарастыруымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, автор қазақстандық кино өнеріндегі көркемдік-идеологиялық тәсілдерді талдай отырып, кино тілі арқылы ұлттық болмысты бейнелеудің ерекшеліктерін анықтаған.

Жалпы, зерттеу мазмұны терең, ғылыми негіздемесі мықты, әдіснамалық ұстанымы жүйелі түрде қалыптасқан. Диссертациялық жұмыс Қазақстандағы мәдениеттану, кинотану және өнертану ғылымдары үшін құнды еңбек болып табылады. Автордың ғылыми ізденісі мен еңбегінің нәтижесінде ұсынылған тұжырымдар отандық мәдени саясаттың дамуына да ықпал ете алады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Scopus базасына кіретін журналдарда, сондай-ақ ККСОН тізіміндегі басылымдарда жарияланып, бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда ұсынылған. Жұмыс ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

Осыған орай, диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға сай келеді және осы диссертациялық жұмысты «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының талқылауына ұсынуға болады деп есептеймін.

**Отандық ғылыми кеңесші,
философия
ғылымдарының докторы,
профессор**

